ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЗАҢНАМА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ АҚПАРАТ
ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ
ҒЫЛЫМИ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖУРНАЛЫ
ISSN 2788-5283
eISSN 2788-5291
ТОМ 80 НӨМІРІ 4(2025), 176-191

**ӘОЖ 349.6**
**ҒТАМР 10.59.31**
**DOI 10.52026/2788-5291_2025_80_4_176**
**Ғылыми мақала**

**© А.А. Мукашева[1], Б.А. Жусипова[2*], Қ.У. Оразалиев[3], 2025**
[1] Нархоз университеті, Алматы, Қазақстан
[2,3] Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(e-mail: [1]anarabai@mail.ru; [2]bakyt-enu@yandex.kz; [3]orazali.kair2020@yandex.kz)

# ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА СУ РЕСУРСТАРЫН МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

**Аннотация.** Мақалада Қазақстан Республикасында су ресурстарын басқарудың заманауи әдістерін іске асыру ерекшеліктері қарастырылады.

Су ресурстарын пайдалану және қорғау саласындағы заманауи инновациялық технологиялар, сондай-ақ табиғат қорғау қызметін жүзеге асыру процесінде осындай инновациялық технологияларды тиімді пайдалануды жүзеге асыратын нормативтік-құқықтық актілер сипатталған.

Авторлар су заңнамасының кемшіліктерін жоюдың және су ресурстарын басқаруды жақсартудың негізгі тәсілдерін қарастырып, Су кодексінің жаңа редакциясында цифрландыру мен автоматтандыруды енгізуді қамтамасыз ететін нормаларды көздейді.

Қазақстан Республикасының Су шаруашылығы кешенін жетілдіру қазіргі заманғы технологияларды пайдалана отырып мониторинг жүйесін енгізуді, су үнемдеуші және экологиялық қауіпсіз технологияларды қолдану негізінде су ресурстарының сандық және сапалық көрсеткіштерін қатаң есепке алуды және бақылауды көздейтін экожүйелік су пайдалану қағидаттарына негізделуге тиіс.

Су ресурстарын басқару саласын цифрландырудың басты мақсаты –халықты сумен жабдықтау сапасын арттыру, экологиялық-санитарлық жағдайды жақсарту, гидротехникалық құрылыстардың қауіпсіздігін анықтау және бақылау, су шаруашылығы инфрақұрылымының жай-күйі туралы ақпаратты қалыптастыру, халықтың цифрлық білімін жетілдіру болып табылады.

Авторлар цифрландыру жағдайында су ресурстарын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша су заңнамасын және оларды қолдану практикасын жетілдіруге бағытталған ұсыныстар дайындайды. Бұл өз кезегінде су ресурстарын мемлекеттік құқықтық реттеудегі тиісті құқықтық актілердің кемшіліктерін жою жолымен су шаруашылығы саласына тиісті шешімдерді дайындауға және енгізуге мүмкіндік береді.

Осы сыни мәселелерді талдай отырып, авторлар Қазақстан Республикасындағы су қатынастары құқықтық жүйені кеңірек түсінуге ықпал ететін нормативтік-құқықтық нормалардың құқықтық табиғатының әртүрлі аспектілері туралы өзіндік көзқарасын ұсынады. Түптеп келгенде, зерттеу Қазақстанның құқықтық шеңберіндегі су ресурстарын басқару саласын цифрландырудың құқықтық мәні мен рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Ол құқықтық базаны қалыптастыру елдегі су ресурстарын

[*] хат-хабарларға арналған автор. E-mail: bakyt-enu@yandex.kz.

қорғау үшін осы шешімдердің ықтимал салдарын көрсетеді.

**Түйінді сөздер:** су шаруашылығы, су ресурсы, цифрландыру, цифрлық платформа, цифрлық технологиялар, мемлекеттік басқару, гидротехникалық құрылыстар, ақпаратқа қол жеткізу, цифрлық трансформация, су ресурстарын басқару.

## Кіріспе

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында цифрландыруды экономикамыздың жүйелі мәселелерін шешу жолдарының бірі ретінде көрсетіп, сонымен бірге осы Жолдауда қаралған басқа да мәселелерде «Елеулі прогресстің» төмендігін атап өтті[1].

Мемлекет басшысы алдағы жылдарға арналған міндеттер ретінде «ауыл шаруашылығы жерлерінің жай-күйіне, су ресурстары инфрақұрылымының тозғанына, ирригациялық жүйелерді автоматтандыру және цифрландыру деңгейі төмен екендігіне аса мән бере отырып, аталған барлық мәліметтерге бірыңғай цифрлық платформаларын енгізуді көздеді. Сондай-ақ жолдауды айтылған бұл мәселелерді жүзеге асыру барысында ұлттық іс шаралардың бірі ретінде су саласын дамытудың кешенді жоспарын әзірлеу тапсырылды.

Цифрландырудың жаһандық ауқымы адамның күнделікті іс-әрекетінің барлық салаларына, сонымен қатар өндірістің барлық салаларын басқару құрылымына цифрлық трансформация енуі цифрлық қоғамның қалыптасуы туралы айтуға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік-экономикалық қатынастарда цифрлық трансформация процестері мемлекеттік басқару мазмұнының субъективті-объективті құрамына да әсер етеді. Сонымен бірге құқықтық доктрина үшін дәстүрлі механизмдер мен ұсынымдар негізінде оларды құқықтық реттеу үшін жаңа сын қатерлер туындайды.

Бір қызығы, «цифрландыру» ұғымына нормативтік құқықтық актілерде нақты анықтама берілмеген, оның техникалық құрамдас бөлігін көрсету тұрғысынан ғана кездеседі және ақпаратты берудің аналогтық түрінен цифрлық түрге көшу ретінде түсіндіреді.

Заңнамалық тұрғыдан қарасақ цифрландыру қазіргі цифрлық мемлекетті құрудағы элементтердің бірі болып саналады. Оның қалыптасуы мемлекеттік органдардың тікелей атқаратын функцияларын түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау болып танылады.

Біздіңше цифрлық технологиялар көмегімен экономикаға үлкен прогресс жасау осы ғасырдағы өзгерістердің негізгі қозғаушы күші ретінде азаматтық қоғамды өзгертіп, экономиканың барлық аспектілерін қарастырып мемлекеттік басқаруды жүзеге асыруды білдереді.

Су ресурстарын мемлекеттік реттеу контекстіндегі цифрландыру туралы мәселе өте маңызды және осы процестің ғылыми негізделген тұжырымдамасын қалыптастыруды талап етеді.

Цифрландыруға байланысты жол берілетін шектер заң шығару процесінің рәсімдік (сатыларымен) ғана емес, сондай-ақ өзге де

[1] Мемлекет басшысының 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі шаралар туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 13 қыркүйектегі № 1008 Жарлығы // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2200001008 (жүгінген күні: 13.11.2024).

сипатқа ие болуы мүмкін, ол объективті себептермен (мысалы, қандай да бір шешімді шығаруда технологиялық жетілмегендігімен), субъективтік себептермен басқару саласына сондай-ақ цифрлық технологияларды қолдана отырып іске асырудың саяси ерік-жігердің болуы не болмауы жатқызылады.

Бұл ретте тиісті уәкілетті органдардың мемлекеттік су ресурстарын басқаруға қатысуына байланысты олардың қызметін үйлестіру мәселесін жан-жақты зерттеу үшін лауазымдық өкілеттері шеңберінде атқаратын міндеттері мен қызметтерінің ара жігін анықтап алу қажет. Ол өз кезегінде су ресурстарын тиімді пайдаланудың платформалық модельді енгізуі арқылы азаматтардың өмірлік жағдайына неғұрлым ыңғайлы жолмен шешім қабылдауға бағытталған тиімді мемлекеттік аппарат құруға мүмкіндік береді.

Заң әдебиетінде су саласындағы мемлекеттік басқару мәселелері жан-жақты зерттелген, бірақ сонымен бірге олар әлеуметтік процесс пен меншік нысандарының көрінісі ретінде объективтілігіне байланысты өзекті болып қала береді. Көбінесе экология саласындағы мемлекеттік басқару жүйесімен көрініс табады.

Қазіргі жаһандық мәселенің біріне айналып отырған су тапшылығы, су ресурстарын тиімсіз пайдалану, су объектілерінің ластануы және олардың деградацияға ұшырау факторының әсерінен халықтың өмір сүру қауіпсіздігінің деңгейін төмендетеді.

Тек қана Қазақстан ғана емес Орталық Азиядағы қоршаған ортаның, сондай-ақ су объектілерінің жағдайы елдердің әрқайсысы үшін басым міндет су ресурстарын реттеу процесін жылдам және тиімді жаңғырту болып саналады. Сондықтан оны әрі қарай зерттеуді қажет етеді, атап айтқанда талдау аясында қоршаған ортаны қорғау процесінде цифрлық технологияларды су объектілеріне де қолданған жөн деп сайнаймыз. [1, p. 8].

Қазақстан трансшекаралық су көздерінің ресурстарына тәуелді. Сонымен қатар экономиканың барлық секторлары суға тәуелді болып келеді. Сондай-ақ су шаруашылығы инфрақұрылымының ескіруі ауыл шаруашылығы мен өнеркәсіпте су үнемдеу технологияларын аз қолдануы, бөгет, канал ластануы және олардың бекітілуі су тасқынының болуына алып келді. Осы аталған мәселелер Қазақстанда су объектілерін қалпына келтіруге және суды қорғау үшін экономикалық шығындардың өсуіне жол береді.

Осыған байланысты суды пайдалануды басқарудың тиісті мемлекеттік-құқықтық тетігін қалыптастыру негізінде су ресурстарын пайдаланудың тиімділігі мен ұтымдылығын арттыру мәселесі өзекті болып қала береді. Бұл мәселелер Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі тұжырымдамасының тәсілінің бірі ретінде су ресурстарын орнықты пайдалану экономикалық қызметтің барлық түрлерінің пайдалануына қатысты пысықталмағандығын меңзейді[2].

Қазақстанда мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру мақсатында, жаңа құрылған Су ресурстары және ирригация министрлігі су қорын пайдалану, қорғау және бақылау

[2] Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдама туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 30 мамырдағы № 577 Жарлығы // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1300000577 (жүгінген күні: 13.11.2024).

салаларында мемлекеттік саясатты қалыптастырады. Су ресурстарын цифрландыруды енгізу оның ішінде ведомствоаралық электрондық өзара іс-қимыл жасау, су шаруашылығындағы инфрақұрылымдарды дамыту, су үнемдеу технологияларды қолдану осы саладағы елеулі проблемаларды шешуге арналған үйлестіруші мемлекеттік орган болып танылады. Сонымен бірге аталған министрлікке қатысты «Қазсушар» РМК кәсіпорын гидротехникалық құрылыстар мен кешенді мақсаттағы су қоймаларын, су құбырларын және өзге су шаруашылық объектілерін ұстау, пайдалану, қалпына келтіру функцияларын жүзеге асырады.

Бұл процестің басталуы цифрландыруға көшудің ресми жариялануына дейін болды. Алдымен, Қазақстанда 2017 жылы «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының қабылдауынан бастау алды.

Қазақстан Республикасының экономикасы даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға қол жеткізу үшін екі бағытта жүзеге асырылды. Біріншісі қазіргі цифрлық экономиканы жүзеге асыру, екіншісі болашақтың цифрлық экожүйесін қарқынды дамыту және цифрлық трансформацияны іске қосу болып табылады[3].

2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы қаулысына сәйкес, «жетекшілік ететін салалар мен өңірлерде технологиялық саясаттың негізгі бағдарын іске асыратын салаалық және жергілікті атқарушы органдар ерекше маңызды рөл атқарады»[4].

Қазақстан Республикасының Әкімшілік-рәсімдік процестік Кодексінің 43-3-бабына сәйкес, «Мемлекеттік органдар цифрлық трансформациялауды жүргізеді»[5] яғни Су ресурстары және ирригация министрлігі мемлекеттік басқарудың цифрлық трансформациялауды жүргізудегі мақсаты су ресурстары инфрақұрылымды жаңғырту және мемлекеттік басқарудың цифрлық алгоритмдік реттеу жүйелеріне көшуді білдіреді.

Әдетте, ҚР субъектілері атқарушы билік органдарына берілген өкілеттіктері арнайы заңдарда тікелей көрсетілген. Оның ішінде цифрлық жол картасын әзірлеу, жекелеген стратегиялық бағыттарын іске асыру көзделінеді. Ресми ұстанымға сәйкес, қазіргі кезеңде оған қол жеткізудің тиімді тетіктерінің бірі цифрландыру болып табылады, бұл жалпы түрде қоғамдық өмірдің әртүрлі салаларына цифрлық технологияларды енгізуді білдіреді[6]. Атап айтсақ, су саласын цифрландыру ауылшаруашылығын мемлекеттік қолдау шараларын жетілдіру, заманауи су үнемдеу технологияларын енгізу және

[3] «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы (Күшін жойған.) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 827 қаулысы // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827 (жүгінген күні: 13.11.2024).

[4] 2023-2029 жылдарға арналған цифрлық трансформация, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын және киберқауіпсіздікті дамыту тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 269 қаулысы // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000269 (жүгінген күні: 13.11.2024).

[5] Қазақстан Республикасының Әкімшілік-рәсімдік процестік Кодексі 2020 жылғы 29 маусымдағы № 350-VI // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2000000350#z1551 (жүгінген күні: 13.11.2024).

[6] Су ресурстары және ирригация саласындағы 2023 жылдың қорытындысы // URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/water/ (жүгінген күні 13.11.2024).

неғұрлым ауыл шаруашылығы суды көп қажет етпейтін дақылдарына көшу жөніндегі шаралар басқа стратегиялық құжаттар да нақтыланған[7].

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы цифрландыру болашақ қатынастардың даму векторын белгілеп қана қоймай, қазіргі табиғи ресурстарды ұтымды әрі тиімді пайдалану мәселелерін шешуге мүмкіндік береді деп болжануда.

Цифрландыру жағдайында су ресурстарын мемлекеттік басқаруға неғұрлым жедел ден қою құралы ретінде қарастырылып отырған салаға суды есепке алу мен бөлуді цифрландыру және үнемдеудің озық технологияларды енгізудің қолайлы жағдайларын қалыптастырудың түйінді рөлі берілген.

Қолданыстағы Қазақстан Республикасының Су кодексі (бұдан әрі - ҚР Су Кодексі) де ерекшелік емес, ол цифрлық технологияларды қолдану немесе қолдану арқылы туындайтын қатынастарды мүлдем елемейді, сонымен қатар су қатынастарының ақпараттық-цифрлық аспектісі мүлдем реттелмеген. Нәтижесінде ҚР Су Кодексі тек су ресурстарын басқару саласына қатысты мәліметтер базасын толтыруды анықтайды. (ҚР Су кодексінің 35-бабы)[8].

ҚР Су кодексі жобасында жергілікті атқарушы органдардың құзыретіне елді мекендердің сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салу, жаңғырту, цифрландыру, автоматтандыру және реконструкциялау жөніндегі іс-шараларды іске асыруды қамтамасыз ету көзделген. Сонымен қатар Қазақ су шаруашылығы ғылыми зерттеу талдау орталығы, «Қазсушар» РМК кәсіпорыны су қорын қорғау және пайдалану саласындағы қызметті цифрландыру жүйесін жетілдіруге үлесін тигізеді[9].

Мемлекеттік басқаруды цифрландыру мәселелері көбінесе стратегиялық жоспарлаудың әртүрлі құжаттарында көрініс тапты, олардың негізгілеріне мыналар жатады: Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығы[10]. Қазақстан Республикасының Ақпараттық доктринасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 20 наурыздағы № 145 Жарлығы[11].

## Материалдар мен әдістер

Қазақстандағы су қатынастарын цифрлық технологияларды қолдану арқылы мемлекеттік реттеудің қазіргі тәсілдері мен құралдарын бағалау үшін зерттеуде талдау, салыстыру, жалпылау әдістері, формальды-құқықтық әдістер қолданылды. Нәтижесінде цифрландыру жағдайында су

[7] Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2021 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 30 желтоқсандағы № 960 қаулысы // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000960 (жүгінген күні 13.11.2024).

[8] Қазақстан Республикасының Су Кодексі Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі N 481 Кодексі // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K030000481 (Жүгінген күні 14.11.2024 ж.)

[9] Концепция проекта Водного кодекса Республики Казахстан // URL: https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=14246001 (жүгінген күні: 14.11.2024).

[10] Қазақстан Республикасында мемлекеттік басқаруды дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 ақпандағы № 522 Жарлығы // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000522. (жүгінген күні: 14.11.2024).

[11] Қазақстан Республикасының Ақпараттық доктринасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 20 наурыздағы № 145 Жарлығы // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2300000145. (жүгінген күні: 14.11.2024).

қатынастарының мазмұны мен маңыздылығын ашуға, олардың субъектісі және объектісін сипаттауға және жіктеуге мүмкіндік туды.

## Талқылау және нәтижелер

Цифрландыру жағдайында мемлекеттік басқаруды жаңғырту саласына бірқатар әртүрлі ғылымның салалары құқық, экономика, саясат, т.б. ғылыми зерттеулер енеді.

Дәстүр бойынша мемлекеттік басқару мәселелері заң ғылымында әкімшілік құқық тұрғысынан зерттеледі. Әкімшілік құқық ғылымын зерттеушілер мемлекеттік басқаруда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану арқылы жүзеге асырады, бұл көбінесе атқарушы органдардың қызметін ақпараттық қамтамасыз ету ретінде белгіленеді. Бұл тәсілмен ақпараттық технологиялар мемлекеттік басқару объектісі ретінде қарастырылады, ал ақпараттық қамтамасыз ету билік жүйесінің ішінде қамтылады.

Ресей ғалымы Э.В. Талапинаның авторлық анықтамасына сәйкес, «мемлекеттік басқаруды жаңғыртуды мемлекеттік басқару институтын сапалы қайта бағалау және қайта құру деп түсіндіре отырып, оның пікірінше, цифрлық трансформация АКТ-ны мемлекеттік органдардың ұйымдастырылуы мен қызметінде және тікелей және кері байланыс тетіктерінде белсенді қолдану арқылы көрінеді: 1) мемлекеттік басқару субъектілерінің құрамын кеңейту және олардың өзара іс-қимыл режимдерін күрделендіру; 2) басқарушылық шешімдер қабылдауға және билікті бақылауды жүзеге асыруға азаматтардың, азаматтық қоғам институттарының және бизнес-құрылымдардың қатысу мүмкіндіктеріне кепілдік беру; 3) мемлекеттік басқарудың ақпараттық ашықтығын транспаренттіліктің әмбебап қағидатын сіңіру арқылы жүзеге асырылады». [2, с. 13]

С.М. Зубаревтың пікірінше, «мемлекеттік басқаруды цифрландыру - бұл мемлекеттік функцияларды іске асыруда және мемлекеттік қызметтер көрсетуде сапалы қайта құруларды жүзеге асыруға азаматтар мен мемлекеттің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін мемлекеттік органдардың қызметіне цифрлық технологияларды енгізу процесі». [3, с. 26].

А.А. Евремов цифрлық трансформация мемлекеттік басқаруда цифрлық технологияларды қолдану арқылы нақты әлеуметтік маңызы бар нәтижелердің басталуын болжайды. Ол мемлекеттік құқықтық қамтамасыз етудің ақпараттық-құқықтық механизміне қоғамдық қатынастарды реттеудегі жүзеге асырылатын ұйымдастырушылық, нормативтік, функционалдық және процедуралық элементтер жүйесіне сипаттама беріп, оның ақпараттық кеңістікте іске асыру барысында тиісті қауіптерін болжау, анықтау және болдырмау мақсатын анықтады. [4, с. 8 ]

А. Өзенбаева қоршаған ортаны цифрландыруды құқықтық реттеу аспектілеріне тоқталды, оның пікірінше, «экологиялық қауіпсіздік саласында құқықтық реттеуді жетілдірудің тұжырымдамасын әзірлеу, заңдардағы кедергі келтіретін шектеулерді жою, мемлекеттік реттеудің жекелеген салаларын цифрландыру мәселесін талқылаудың кезі келгенін және экологиялық ақпарат қорын сақтаудың цифрлық платформа-

сын әзірлеп, нормативтік құқықтық актілер қабылдау қажет деп есептеді». [5, с. 53]

Ғалымдардың пікіріне келісе отырып, біздіңше цифрлық технологияның жаңа мүмкіндіктері мемлекеттік басқарудың тиімді шешімдерін қабылдауға мүмкіндік беретін әртүрлі деректер көлемінің күрт өсуіне әкеледі деп санаймыз. Бірақ цифрлық технологиялардың дамуында теріс факторлар туындауы мүмкін олар: 1) цифрлық трансформация экожүйесінің жеткіліксіз дамуы;

2) халықтың цифрлық дағдыларының жеткіліксіз деңгейі;

3) биліктің барлық деңгейлерінде және ашық инновациялық мәдениетте мақсат қоюдың болмауы;

4) жекелеген аумақтардағы материалдық-техникалық ресурстардың біркелкі болмауы т.б.

Мемлекет осы мәселелерді ескеру және шешу үшін шаралар қабылдауы тиіс. Ол үшін мемлекеттік басқару саласында цифрлық технологияларды құру және енгізу, мемлекеттік органдардың қызметінде цифрлық технологияларды пайдалану жөніндегі іс-шараларды үйлестіру, мемлекеттік қызметтер көрсету және оларды ұсыну сапасын бақылау, билік органдарының ақпараттық ашықтығын дамыту, цифрлық технологияларды пайдалану арқылы мемлекеттік билік органдарымен азаматтар мен бизнестің өзара іс-қимылын жақсарту саласында өзіндік жүйесін дамытуды талап етеді.

Қазақстанда климаттың өзгеруіне жаһандық ден қоюға Париж келісімінің міндеттерін орындауға бағытталған ұлттық басымдықтарының бірі ретінде су ресурстарын басқару болып табылады. Ол сумен жабдықтау секторында коммуналдық қызметтерді ұсынудың негізгі принциптері суды пайдаланудың әртүрлі түрлері үшін жеткілікті мөлшерде жоғары сапалы сумен қамтамасыз ету, сондай-ақ ағынды және жаңбыр суларын тиімді пайдалану, су гидротехникалық құрылыстарды жаңғырту, ауылшаруашылығы өнеркәсібінде суды пайдаланудың тиімділігін арттыру, суды үнемдеу және қорғауды қамтиды.

Цифрландырудың белсенді дамып келе жатқан бағыттарының бірі – өзіндік нормативтік базасы бар экологиялық ақпарат. Экологияға қолжетімділік қағидатына негізделеді, бұл жариялылық және салааралық принципін жүзеге асыру болып табылады. Экологиялық және табиғи ресурстық құқық саласында бұл қағидат уәкілетті органдар иелігіндегі қоршаған ортаның жай-күйі туралы ақпаратқа, экология мәселелерін қозғайтын уәкілетті органдардың жоспарланатын және іске асырылатын іс-әрекеттері туралы ақпаратқа да қатысты қаралады.

Мұндай ақпараттың қолжетімділігі барлық мүдделі тұлғалардың табиғи ортаның құрамдас бөліктерінің бірі ретінде суды пайдалану және қорғау мәселелерін міндетті түрде қамтитын экологиялық маңызды шешімдер қабылдауға қатысуын қамтамасыз ету міндетін және соның салдарынан мемлекеттік басқару тетігінің тиімділігін арттыру міндетін орындайды.

Азаматтардың қолайлы қоршаған ортаға құқықтарына қатысты шешімдер қабылдауға қатысуы принциптері бұл қоршаған ортаны қорғаудың конституциялық негізгі принциптерінің бірі болып

табылады. Өз кезегінде қолданыстағы ҚР Су кодексінде су қорының жай-күйі туралы ақпарттың қолжетімділігі, су қорын пайдалану мен қорғау жөніндегі міндеттерді шешудегі жариялылық және оларға жұртшылықты тарту қағидаттары көзделген. Ал Су кодексі жобасында су қорын қорғау және пайдалану саласында шешімдер қабылдауға жұртшылықтың қатысуы туралы бап енгізілді (Су кодексі жобасы 68-бап)[12].

Дегенмен де еліміздегі Абай, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Повлодар, Солтүстік Қазақстан, Ұлытау облыстарында орын алған су тасқынында алдын-ала болжам жүргізу механизмі жетілмегендігін көрсетті. Судың жай-күйі туралы халыққа алдын-ала ақпарат жарияланбаған, «Қазгидромет» тек қана жауын-шашын, боран дауылды болжайды. Бұл атқарушы органдардың нақты алдын-алу шараларын дер кезінде орындамағанан, су шаруашылығы ұйымдарының су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарына тиісті техникалық жай-күйін қауіпсіздігін қамтамасыз етілмегендігінен көрініс тапты.

Жалпы ақпаратқа қол жеткізудің негізгі конституциялық қағидаттары арнайы ақпартқа қол жеткізу туралы заңымен реттеледі[13].

Халықаралық деңгейде экологиялық мәселелер барлық мүдделі азаматтардың қатысуымен ең тиімді түрде шешілетіні туралы ереже 1992 жылғы Рио-де-Жанейро қоршаған орта және даму декларациясының оныншы қағидасында тұжырымдалды. Бұдан кейін ақпаратқа қол жеткізу, шешім қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот төрелігіне қол жеткізу туралы Конвенциясы 1998 ж. (бұдан әрі – Орхус конвенциясы) қабылданды. Орхус конвенциясы еркін қол жеткізуді көздейтін экологиялық ақпараттың құрамына жазбаша, аудиовизуалды, электрондық немесе кез келген өзге де материалдық нысандағы оның ішінде судың жай-күйі туралы кез келген ақпарат енгізіледі. Ал іске асыру кезінде жұртшылықтың пікіріне жоспарланатын қызмет түрлерінің тізбесіне ағынды суларды тазарту, өзен бассейндері арасында су ресурстарын тасымалдау жөніндегі жұмыстар, бөгеттер және суды ұстап тұруға немесе тұрақты сақтауға арналған басқа да объектілер салу құрылысы сияқты қызмет кіреді[14]. Көріп отырғанымыздай бұл конвенция жер үсті су объектілерін пайдалану арқылы жүзеге асырылатын экономикалық қызметтің негізгі түрлерін ескере отырып, Қазақстанның су кодексіне қарағанда суды пайдалану мен қорғауға қатысты экологиялық ақпаратты кеңірек түсіндіреді.

Қазақстан заңнамасында ақпараттың ашықтығы тұрғысынан ашық және жабық деректер бар мемлекеттік құпиямен шектелуі мүмкін. Бірақ экологиялық ақпарат жалпыға бірдей қолжетімді болып табылады және шектелуге

---

[12] Концепция проекта Водного кодекса Республики Казахстан // URL: https://legalacts.egov.kz/npa/view?id=14246001 (дата обращения: 14.11.2024).

[13] Ақпаратқа қол жеткізу туралы.Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 16 қарашадағы № 401-V ҚРЗ // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000401 (жүгінген күні: 14.11.2024).

[14] Ақпаратқа кіру, шешімдер қабылдау процесіне жұртшылықтың қатысуы және қоршаған ортаға қатысты мәселелер бойынша сот әділдігіне қол жеткізу туралы конвенцияны бекіту туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2000 жылғы 23 қазан N 92-I // URL: https://ecogosfond.kz/kz/orhusskaja-konvencija/ (жүгінген күні: 14.11.2024).

және құпияландыруға жатпайды (ЭК 17 бабы)[15].

Ақпаратқа қолжетімдік қағидасын іске асырудың техникалық жағы қазір пайдаланушылардың шектеусіз шеңберінің тиісті ақпаратымен танысуға арналған жария интерфейстері де, уәкілетті органдар арасында деректер алмасу және азаматтар мен ұйымдарға мемлекеттік қызметтер көрсету үшін жабық интерфейстері де бар, өз кезегінде ақпараттық жүйелерді құру және жақсарту болып танылады.

Қазақстанның су ресурстарын басқару саласында ауыз сумен жабдықтаудың әртүрлі ақпараттық жүйелері және басқа қызмет салаларының дерек қорлары жұмыс істейді, бірақ су объектілері туралы белгілі бір ақпаратты аз қамтылған.

Ең алдымен, мынаны айту кету керек ҚР су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы ҚР Үкіметінің 2024 жылғы 5 ақпандағы қаулысында «су ресурстарын басқару жүйесінде жедел бағалауға және уақытылы шешім қабылдауға мүмкіндік беретін заманауи цифрлық технологияларды енгізу жоспарланды. Су ресурстарын ұтымды басқару бойынша кешенді тәсілдерді тұжырымдау арқылы оларды есепке алу және басқару жүйесінде автоматтандыру мен цифрландыру енгізілді. Аталған жобаға сәйкес, 2030 жылға қарай Қазақстанда 20 жаңа су қоймасын салу, 15 су қоймасын және 14 мың шақырымнан астам суару каналын қайта жаңарту жоспарлануда»[16].

Геоақпараттық платформасы су ресурстарын пайдалануды басқарудың тиімділігін арттыру, ҚР мемлекеттік құрылымдарымен бірыңғай ақпараттық кеңістікті және әртүрлі ведомстволардың мемлекеттік ақпараттық ресурстарын, сондай-ақ олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ететін құралдарды қамтитын бірыңғай ақпараттық-технологиялық инфрақұрылымды ұйымдастыру мақсатында құрылған. Онда су объектілері, гидротехникалық құрылыстар, су шаруашылығы бассейндері мен учаскелері, гидропосттар және т.б. бейнеленген бірыңғай су кадастры қалыптасады. Өкінішке орай әлі ресми сайттар, ондағы ақпараттар туралы ашық деректер қамтылмады.

Шын мәнінде, аталған цифрлық платформаны жасаушылар су объектілерін кешенді және мақсатты пайдалануды ақпараттық қамтамасыз ету, суды пайдаланудың теріс әсерін болдырмау және оның салдарын жою жөніндегі іс-шараларды жоспарлау және әзірлеу мақсатында су қатынастары саласындағы қолданыстағы ақпараттық жүйелердің ландшафтын барынша ықтимал біріздендіруге ұмтылады. Платформаның жария бөлігі барлық мүдделі тұлғалар үшін ашық деректер түріндегі ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған, ал қол жетімділігі шектеулі дерекқордың қалған бөлігі атқарушы орган мен су пайдаланушылардың өзара әрекеттесуін жақсартуға арналған. Көріп отырғанымыздай, іс жүзінде су ресурстарын басқару процесін-

[15] Қазақстан Республикасының Экология Кодексі 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2100000400 (жүгінген күні: 14.11.2024).

[16] Қазақстан Республикасының су ресурстарын басқару жүйесін дамытудың 2024 – 2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 5 ақпандағы № 66 қаулысы // URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400000066 (жүгінген күні: 14.11.2024).

де цифрлық технологиялардың рөлінің айтарлықтай өсуі байқалады, оған суды бақылаудың бастапқы процестерінің цифрлық формасына көшу үлкен әсер етеді.

**Қорытынды**

Қазақстан Республикасы инновациялық экономиканы дамыту жаһандық бәсекеге қабілеттілікке қол жеткізу мақсатында цифрландыруды дамытуға бейімделу және оларды қабылдау міндеттерін алға қойды.

Қарастырылып отырған саладағы цифрлық тенденцияларды талдау негізінде су заңнамасының су қатынастары саласында цифрлық технологияларды қолдануды одан әрі дамытуға, болашақта қолданыстағы ақпараттық жүйелер негізінде Қазақстан Республикасының су шаруашылығы кешенін басқарудың бірыңғай ақпараттық-аналитикалық жүйесін құру мүмкіндігі туралы қорытындылар жасалды.

Біздің ойымызша, су құқықтық қатынастары саласындағы барлық мемлекеттік органдардың функционалдық міндеттерін нақты бекіту қажет. Мұндай нақты бекітудің болмауы су қатынастарын одан әрі дамыту және жетілдіру мәселесін шешуді едәуір қиындатады.

Қазақстан Республикасының Су кодексінің жаңа редакциясында цифрландыру мен автоматтандыруды енгізуді қамтамасыз ететін бүкіл төмендегі тізбек бойынша нормалар көзделуі тиіс деп есептейміз:

Біріншіден, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары және бассейндік инспекциялар құзыретінде кіруі тиіс: су ресурстарын басқару саласына цифрлық технологияларды енгізу арқылы су шаруашылығына қатысты барлық ақпаратты халыққа толық жеткізу үшін ашықтық стандартын әзірлейді және бекітеді. Оның ішінде су тұтыну нормасы, ауыз су қауіпсіздігі көрсеткіштері, ауызсумен қамтамасыз етудің нақты есебі, төтенше жағдайларды алдыналу, су тасқыны туралы ескертулер, су тасқыны болжамын бағалауды анықтағыш көрсеткіштер.

Екіншіден, су қорын қорғау және пайдалану саласындағы өзге де уәкілетті мекемелер құзыретінде суды есепке алу, су кадастр жерді қашықтықтан зондтау негізінде ғарыштық мониторинг жүргізу саласындағы іс-шараларды жүзеге асырады.

Үшіншіден, уәкілетті мекеменің құзыретінде (гидротехникалық құрылыстардың жай-күйі туралы және оның қауіпсіздігі саласындағы нормативтік техникалық өлшемшарттарын енгізу, сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салу кезінде жаңа технологияларды пайдалану т.б.) жөніндегі іс-шараларды іске асырады.

Төртіншіден, су ресурстарын мемлекеттік басқару саласында басқа субъектілермен тікелей өзара іс-әрекетсіз су ресурстарын басқарудың бірқатар тетіктерін (тұтастай немесе бір бөлігінде) жүзеге асыру мүмкін емес. Сондықтан да мемлекеттік атқарушы мекемелер болып табылмайтын субъектілері, олардың лауазымды адамдары (технологияларды әзірлеушілер, цифрлық платформалардың, ақпараттық жүйелердің операторлары, ESG-рейтингтерді құрастырушылар және т.б. басқалар) су ресурстарын басқаруға нақты қатысуын сипаттайтын нормалар қамытылуы тиіс.

Аталған ұсыныстар өз кезегінде цифрландыру жағдайында су ресурстарын басқару саласындағы қызметтерін нығайтуды, сонымен бірге цифрлық технологиялармен жұмыс істеу дағдыларын жетілдіруді және цифрландыру ұсынатын қажеттіліктерді пайдалануға мүмкіндік береді.

**Әдебиеттің тізімі:**

1. Orazaliev K., Mukasheva A., Ybyray N., Nurekeshov T. Current regulation of water relations in Central Asia // Regional Science Policy and Practice. 2024. Том 16. Выпуск 9. С 8. Available from: https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57140767100 (дата обращения: 14.11.2024).
2. Талапина Э.В. Модернизация государственного управления в информационном обществе: информационно-правовое исследование Дис... доктора юрид. наук: 12.00.13. М., 2015. с. 469. Режим доступа: http://igpran.ru/prepare/a.persons/TalapinaEV/TalapinaEV_diss..pdf?ysclid=m3hk35tyvt956946811 (дата обращения: 14.11.2024).
3. Зубарев С.М. Правовые риски цифровизации государственного управления // Актуальные проблемы российского права. 2020. Том 15. № 6. С.23-32. https://doi.org/10.17803/1994-1471.2020.115.6.023-032.
4. Ефремов А.А. Информационно-правовой механизм обеспечения государственного суверенитета Российской Федерации: Автореферат диссертации на соискание ученой степени доктора юридических наук. М., 2021. 37с. Режим доступа: https://rusneb.ru/library/the-russian-state-library/funds/.
5. Өзенбаева А. Правовое регулирование цифровизации окружающей среды в Республике Казахстан // Вестник КазНУ. Серия Юридическая. 2021. №100 (4). С. 46-55. https://doi.org/10.26577/JAPJ.2021.v100.i4.05.

**© А.А. Мукашева[1], Б.А. Жусипова[2], К.У. Оразалиев[3], 2025**
[1] Университет Нархоз, Алматы, Казахстан
[2,3] Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
(e-mail: [1]anarabai@mail.ru; [2]bakyt-enu@yandex.kz; [3]orazali.kair2020@yandex.kz)

# ГОСУДАРСТВЕННОЕ ПРАВОВОЕ РЕГУЛИРОВАНИЕ ВОДНЫХ РЕСУРСОВ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ

**Аннотация.** В статье рассматриваются особенности реализации современных методов управления водными ресурсами в Республике Казахстан.

Также в статье будут затронуты современные инновационные технологии в области использования и охраны водных ресурсов, а также нормативно- правовые акты, осуществляющие регламентацию их эффективного использования в процессе осуществления природоохранной деятельности.

Авторами рассмотрены основные способы устранения недостатков водного законодательства и улучшению управления водными ресурсами, которые должны предусматривать нормы, обеспечивающие внедрение цифровизации и автоматизации в новой редакции Водного кодекса.

Совершенствование водохозяйственного комплекса Республики Казахстан должно основываться на принципах экосистемного водопользования, предусматривающих внедрение системы мониторинга с использованием современных технологий, а также строгий учет и контроль количественных и качественных показателей водных ресурсов на основе применения водосберегающих и экологически безопасных технологий.

Главной целью цифровизации сферы управления водными ресурсами является повышение качества водоснабжения населения, улучшение эколого-санитарного

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢНАМА ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ АҚПАРАТ ИНСТИТУТЫНЫҢ ЖАРШЫСЫ Том 80, №4-2025

состояния, определение и контроль безопасности гидротехнических сооружений, формирование информации о состоянии водохозяйственной инфраструктуры, совершенствование цифровых знаний населения.

Авторы разрабатывают предложения, направленные на совершенствование водного законодательства и практики их применения по вопросам государственного регулирования водных ресурсов в условиях цифровизации. Это, в свою очередь, позволит разработать и внедрить соответствующие решения в водохозяйственную отрасль, путем устранения недостатков соответствующих правовых актов в государственном правовом регулировании водных ресурсов.

Анализируя эти важнейшие вопросы, авторы предлагает собственное видение различных аспектов правовой природы нормативных норм, способствующих более широкому пониманию водных отношений в Республике Казахстан. В конечном счете исследование предлагает более глубокое понимание цифровизации в сфере управления водными ресурсами и роли в рамках нормативно-правовой базы Казахстана. В нем подчеркивается потенциальные последствия этих решений для защиты водных ресурсов в стране.

**Ключевые слова:** водное хозяйство, водные ресурсы, цифровизация, цифровая платформа, цифровые технологии, государственное управление, гидротехнические сооружения, доступ к информации, цифровая трансформация, управление водными ресурсами.

**© A.A. Mukasheva[1], B.A. Zhussipova[2], K.U. Orazaliev[3], 2025**
[1] Narkhoz University, Almaty, Kazakhstan
[2,3] L.N. Gumilyov named after Eurasian National University, Astana, Kazakhstan
(e-mail: [1]anarabai@mail.ru; [2]bakyt-enu@yandex.kz; [3]orazali.kair2020@yandex.kz)

# STATE LEGAL REGULATION OF WATER RESOURCES IN THE CONTEXT OF DIGITALIZATION

**Abstract.** The article discusses the features of the implementation of modern methods of water resources management in the Republic of Kazakhstan. The article will also touch upon modern innovative technologies in the field of use and protection of water resources, as well as regulatory legal acts regulating their effective use in the process of environmental protection activities.

The authors consider the main ways to eliminate the shortcomings of water legislation and improve water resources management, which should provide for norms ensuring the introduction of digitalization and automation in the new edition of the Water Code.

The improvement of the water management complex of the Republic of Kazakhstan should be based on the principles of ecosystem water use, providing for the introduction of a monitoring system using modern technologies, as well as strict accounting and control of quantitative and qualitative indicators of water resources based on the use of water-saving and environmentally friendly technologies.

The main goal of digitalization of the sphere of water resources management is to improve the quality of public water supply, improve the ecological and sanitary condition, identify and control the safety of hydraulic structures, generate information about the state of water infrastructure, and improve the digital knowledge of the population.

The authors are developing proposals aimed at improving water legislation and the practice of their application on issues of state regulation of water resources in the context of digitalization. This, in turn, will make it possible to develop and implement appropriate solutions in the water industry by eliminating the shortcomings of relevant legal acts in the state legal regulation of water resources.

Analyzing these important issues, the author offers his own vision of various aspects of the legal nature of regulatory norms that contribute to a broader understanding of water relations in the Republic of Kazakhstan. Ultimately, the study offers a deeper understand-

ing of digitalization in the field of water resources management and its role within the regulatory framework of Kazakhstan. It highlights the potential implications of these decisions for the protection of water resources in the country.

**Keywords:** Water Management, Water Resource, digitalization, digital platform, digital technologies, public administration, hydraulic structures, access to information, digital transformation, Water Resources Management.

**References:**

1. Orazaliev K., Mukasheva A., Ybyray N., Nurekeshov T. Current regulation of water relations in Central Asia // Regional Science Policy and Practice. 2024. Tom 16. Vypusk 9. S 8. Rezhim dostupa: https://www.scopus.com/authid/detail.uri?authorId=57140767100 (data obrashhenija: 14.11.2024).

2. Talapina Je.V. Modernizacija gosudarstvennogo upravlenija v informacionnom obshhestve: informacionno-pravovoe issledovanie Dis... doktora jurid. nauk: 12.00.13. M., 2015. 469 s. Rezhim dostupa: http://igpran.ru/prepare/a.persons/TalapinaEV/TalapinaEV_diss..pdf?ysclid=m3hk35tyvt956946811 (data obrashhenija: 14.11.2024).

3. Zubarev S.M. Pravovye riski cifrovizacii gosudarstvennogo upravlenija // Aktual'nye problemy rossijskogo prava. 2020. Tom 15. № 6. C.23-32. https://doi.org/10.17803/1994-1471.2020.115.6.023-032.

4. Efremov A.A. Informacionno-pravovoj mehanizm obespechenija gosudarstvennogo suvereniteta Rossijskoj Federacii: Avtoreferat dissertacii na soiskanie uchenoj stepeni doktora juridicheskih nauk. M., 2021. 37s. Rezhim dostupa: https://rusneb.ru/library/the-russian-state-library/funds/.

5. Өzenbaeva A. Pravovoe regulirovanie cifrovizacii okruzhajushhej sredy v Respublike Kazahstan // Vestnik KazNU. Serija Juridicheskaja. 100 (4). C. 46-55. https://doi.org/10.26577/JAPJ.2021.v100.i4.05.

**Авторлар туралы мәліметтер:**

**Мукашева Анор Абайханкызы** - заң ғылымдарының докторы, Нархоз университетінің құқық және мемлекеттік басқару мектебінің профессоры, Жандосов көшесі, 55, 050035, Алматы, Қазақстан.

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-6147-060X;

e-mail anarabai@mail.ru.

**Жусипова Бакыт Акылбаевна** - хат-хабарларға арналған автор, заң ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің конституциялық және азаматтық құқық кафедрасының доценті, Сатпаев көшесі, 2, 010008, Астана, Қазақстан.

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2710-2950;

e-mail bakyt-enu@yandex.kz.

**Оразалиев Кайырбек Уткирулы** - заң ғылымдарының магистрі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің конституциялық және азаматтық құқық кафедрасының докторанты, Сатпаев көшесі, 2, 010008, Астана, Қазақстан.

ORCID:https://orcid.org/0009-0006-7916-9184;

e-mail: orazali.kair2020@yandex.kz.

**Алғыс.** Авторлар сарапшылық пікірі мен сындарлы көзқарасы үшін рецензенттерге алғыс білдіреді.

**Дәйексөз келтіру үшін.** Мукашева А.А., Жусипова Б.А., Оразалиев К.У. Цифрландыру жағдайында су ресурстарын мемлекеттік құқықтық реттеу // Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтының Жаршысы. Ғылыми-құқықтық журнал. 2025;80(4): DOI – https:// doi.org/10.52026/2788-5291_2025_80_4_176.

**Авторлардың қосқан үлесі:**

**Мукашева А.А.** - су ресурстарын пайдалану және қорғау саласындағы заманауи инновациялық технологиялар тиімді пайдалануды жүзеге асырудың құқықтық реттеу мәселесін зерттеу бойынша маңызды үлес қосты. Оның негізгі рөлі зерттеудің әдіснамалық негіздерін әзірлеу және қазақстандық және халықаралық құқықтық нормаларға салыстырмалы талдау жасау болды. Автор цифрландыру жағдайында мемлекеттік басқаруды жаңғырту саласына бірқатар теориялық және құқықтық аспектілерді терең зерттеп, заңнамалық олқылықтарды анықтау және оларды жетілдіру бойынша нақты ұсыныстар берді.

**Жусипова Б.А.** - ғылыми зерттеудің әр кезеңін үйлестіріп, алынған деректердің жүйелілігін қамтамасыз етті, сондай-ақ ұсынылған нәтижелердің ғылыми және практикалық құндылығын арттыруға бағытталған талдаулар жүргізді. Оның жетекшілігімен құқықтық реттеуді жетілдірудің жаңа тәсілдері ұсынылып, цифрландыру жағдайында су ресурстарын мемлекеттік басқаруды жаңғырту саласындағы ұлттық заңнаманың халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ету бойынша маңызды ұсыныстар жасалды.

**Оразалиев Қ.У.** - зерттеу барысындағы белсенділігі алынған нәтижелердің ғылыми құндылығын арттыруға қорытынды бөлімінде тұжырымдар жасады (ғылыми деректерді зерттеу, нәтижелерін айқындау, жүйеге келтіру). Цифрландыру жағдайында су ресурстарын мемлекеттік басқаруды мәселелерін қққықтық реттеуге бағытталған заң актілеріне талдау жасалды, заңнамалық олқылықтарды анықтау және оларды жетілдіру бойынша ұсыныстарын әзірледі. Зерттеудің нәтижелігін артыру үшін аналитикалық, салыстырмалы-құқықтық талдау әдістерін қолданды.

**Мүдделер қақтығысы туралы ақпарат.** Авторлар мүдделер қақтығысының жоқтығын туралы мәлімдейді.

**Қаржыландыру көзі.** Авторлар зерттеу жүргізу кезінде қаржыландырудың жоқтығын туралы мәлімдейді.

Мақала редакцияға келіп түсті: 19.11.2024; рецензиялаудан кейін келіп түсті: 13.05.2025; басып шығаруға қабылданды: 23.12.2025.

Авторлар қолжазбаның соңғы нұсқасын оқып, мақұлдады.

**Сведения об авторах:**

**Мукашева Анор Абайханкызы** - доктор юридических наук, профессор Школы права и государственного управления университета Нархоз, улица Жандосова, д. 55, 050035, Алматы, Казахстан.
ORCID: https://orcid.org/0000-0002-6147-060X;
e-mail anarabai@mail.ru.

**Жусипова Бакыт Акылбаевна** - автор для корреспонденции, кандидат юридических наук, доцент кафедры конституционного и гражданского права Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, улица Сатпаева, 2, 010008, Астана,Казахстан.
ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2710-295;
e-mail: bakyt-enu@yandex.kz.

**Оразалиев Кайырбек Уткирулы** – магистр юридических наук, докторант кафедры конституционного и гражданского права Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева, улица Сатпаева, 2, 010008, Астана, Казахстан.
ORCID:https://orcid.org/0009-0006-7916-9184;
e-mail, orazali.kair2020@yandex.kz.

**Благодарности.** Авторы выражают благодарность рецензентам за экспертное мнение и конструктивный подход.

**Для цитирования.** Мукашева А.А., Жусипова Б.А., Оразалиев К.У. Государственное правовое регулирование водных ресурсов в условиях цифровизации // Вестник Института законодательства и правовой информации Республики Казахстан. Научно-правовой журнал. 2025;80(4): DOI – https:// doi.org/10.52026/2788-5291_2025_80_4_176.

**Вклад авторов:**

**Мукашева А.А.** - внесла важный вклад в изучение проблемы правового регулирования осуществления эффективного использования при современных инновационных технологии в области использования и охраны водных ресурсов. Ее основная роль заключалась в разработке методологических основ исследования и проведении сравнительного анализа казахстанских и международных правовых норм. Автор глубоко исследовала ряд теоретических и правовых аспектов в области модернизации государственного управления в условиях цифровизации, дал конкретные рекомендации по выявлению законодательных пробелов и их совершенствованию.

**Жусипова Б.А.** - координировала каждый этап научного исследования, обеспечивала систематичность полученных данных, а также проводил анализы, направленные на повышение научной и практической ценности представленных результатов. Под его руководством были предложены новые подходы к совершенствованию правового регулирования и выработаны важные рекомендации по обеспечению соответствия национального законодательства в области модернизации государственного управления водными ресурсами международным стандартам в условиях цифровизации.

**Оразалиев К.У.** - активность в ходе исследования сделал выводы в разделе заключения на повышение научной ценности полученных результатов (исследование научных данных, определение результатов, систематизация). Проведен анализ законодательных актов, направленных на правовое регулирование вопросов государственного управления водными ресурсами в условиях цифровизации, выработаны предложения по выявлению законодательных пробелов и их совершенствованию. Для повышения результативности исследования использовали методы аналитического, сравнительно-правового анализа.

**Информация о конфликте интересов.** Авторы заявляют об отсутствии конфликта интересов.

**Источник финансирования.** Авторы заявляют об отсутствии финансирования при проведении исследования.

Статья поступила в редакцию 19.11.2024; поступила после рецензирования 13.05.2025; принята в печать: 23.12.2025.

Авторы прочитали и одобрили окончательный вариант рукописи.

**Information about authors:**

**Mukasheva Anor Abaikhankyzy -** Doctor of Legal Sciences, Professor of School of Law and Public Administration at Narkhoz University, 55, Zhandosov st., 050035, Almaty, Kazakhstan.
ORCID: https://orcid.org/0000-0002-6147-060X;
e-mail anarabai@mail.ru.

**Zhussipova Bakyt Akylbaevna -** corresponding author for, Candidate of Legal Sciences, Associate Professor of the Department of Constitutional and Civil Law at L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2, Satpayev Street, 010008, Astana, Kazakhstan.

ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2710-2950;

e-mail bakyt-enu@yandex.kz.

**Orazaliev Kaiyrbek Utkiruly -** Master of Laws, Doctoral student of the Department of Constitutional and Civil Law at L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2, Satpayev Street, 010008, Astana, Kazakhstan.

ORCID:https://orcid.org/0009-0006-7916-9184;

e-mailorazali.kair2020@yandex.kz.

**Acknowledgements.** The authors would like to express their gratitude to the reviewers for their expert opinions and constructive feedback.

**For citation:** Mukasheva A.A., Zhussipova B.A., Orazaliev K.U. State legal regulation of water resources In the context of digitalization // Bulletin of Institute of Legislation and Legal Information of the Republic of Kazakhstan. Scientific and legal journal. 2025;80(4): DOI – https:// doi.org/10.52026/2788-5291_2025_80_4_176.

**Contribution of the authors:**

**Mukasheva A.A.** - They have made an important contribution to the study of the problem of legal regulation of effective use with modern innovative technologies in the field of use and protection of water resources. His main role was to develop the methodological foundations of the study and conduct a comparative analysis of Kazakh and international legal norms. The author has deeply researched a number of theoretical and legal aspects in the field of modernization of public administration in the context of digitalization, gave specific recommendations on identifying legislative gaps and improving them.

**Zhussipova B.A.** - She coordinated each stage of scientific research, ensured the consistency of the data obtained, and also conducted analyses aimed at increasing the scientific and practical value of the presented results. Under his leadership, new approaches to improving legal regulation were proposed and important recommendations were developed to ensure compliance of national legislation in the field of modernization of public water resources management with international standards in the context of digitalization.

**Orazaliev K.U.** - Activity in the course of the research drew conclusions in the conclusions section on increasing the scientific value of the results obtained (research of scientific data, determination of results, systematization). The analysis of legislative acts aimed at the legal regulation of issues of state water resources management in the context of digitalization has been carried out, proposals have been developed to identify legislative gaps and improve them. Methods of analytical, comparative legal analysis were used to improve the effectiveness of the study.

**Conflict of interest statement.** The authors declares that there is no conflict of interest.

**Funding.** The autors received no specific funding for this work.

Received 19.11.2024; revised 13.05.2025; accepted for publication: 23.12.2025.

The authors has read and approved the final manuscript.